

Кеше облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі қор көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Салтанатқа облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры Әмірхан Рахымжанов, қала тұрғындары мен студент-жастар қатысты.

Алдымен жиналған қауым алдында ҚР Мемлекеттік Күзет қызметі «Айбын» Президенттік полкінің «Құрмет» қарауыл ротасы, Президенттік оркестрдің үрмелі аспаптар оркестрі, би, эстрада және ән, халық аспаптар ансамбльдері өнер көрсетті.

Көрменің ашылуында сөз сөйлеген облыс басшысы Тәуелсіз Қазақстанның құрылуы мен қалыптасуындағы Тұңғыш Президенттің рөлін атап өтті. Қонақтарға Сыр елінің арғы-бергі тарихына қысқаша баяндап берді.

6 Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

«Тұңғыш» сөзінің мәні терең. Вашингтон, Атагүрік, М.Ганди сияқты тұңғыштардың қатарында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев есімінің жұлдыздай жарқырап тұруы мақтаныш сезімін ұялатады. Алғашқы президенттік сайлау жүріп жатқанда жерлесіміз, Қазақстанның Халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов: «Үміткерлердің баршасын білемін. Бірақ Нұрсұлтан Әбішұлы басқалардан биік көрсететін үш қасиеті бар. Бірінші – ол қаршадайынан жердің демін, нанның дәмін, тердің иісін сезіп, өзі де солардың қатарында өскен. Екінші қасиеті – қараша үйдің көсеуінен бастап, алып зауыттың күрегіне дейін қолынан өткізген еңбек адамы. Үшіншісі, халқының рухани мол мұрасын, аңыздарын бастап бүгінгі келбетіне дейін ана тілінде бойына сіңірсе, орыс әдебиеті арқылы әлемдік әдебиеттің үздік үлгілерін өз әдебиетінде таныған, оқыған, тоқыған адам. Мұндай қасиетті мен басқалардан көрген жоқпын» деген еді.

Қырымбек Елеуұлы Тәуелсіздік тарихындағы ең маңызды оқиғаларға тоқталып, Елбасының қиын-қыстау кезеңде тығырықтан жол тапқан, халқын асыл мұраттарға жетелеген дара қасиетін атап өтті.

Әйгілі Ақтамберді жыраудың «Кеуде бір жерді жол қылсам, Шөлден бір жерді көл қылсам, Құрап жанды көп жынып, Өз алдына ел қылсам» деген бабалар арманына ғасырлар тоғысында біздің ұрпақ жетті. Халқымыздың талай ғасыр аңсар-арманы болған Тәуелсіздік, Егемендік, Еркіндік, Азаттық деген қасиетті сөздер елімізге Ер – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кемелгер көшбасшылығымен ақиқатқа айналды, – деді аймақ басшысы.

Елбасы кітапханасының директоры Ә.Рахымжановтың айтуынша, «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» жылжымалы көрмесі 2017 жылдың қараша айынан бастап жұмыс істейді.

Көрме ең бірінші Тәуелсіздіктің талбесігі – Алматыда басталды. Былтыр жыл бойы Шымкентте, Түркістанда, Атырау мен Ақтөбеде табысты өтті. Жылжымалы көрмені жоғарыда



Сыр бойы

№50
(19728)
9 СӘУІР,
СЕЙСЕНБІ
2019 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ

«Н.НАЗАРБАЕВ: ДӘУІР, ТҰЛҒА, ҚОҒАМ»



аталған аймақтардың 700 мыңнан астам тұрғыны тамашалаған. Бүгін көрмені барынша толықтырып, сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз. Елбасының балалық және жастық шағы, еліміз үшін жұмысқа шауып-жүгерін баяндайтын сирек құжаттар мен экспонаттардан рухани күш алған Қызылорда жастарының арасынан болашақта Нұрсұлтан Әбішұлы сынды қайраткер тұлға шығады деп үміттенеміз, – деді ол.

Өткен демалыс күндері Шиелі және Қармақшы аудандарында жылжымалы эк-

спонаттардың арасында сирек кездесетін мұрағаттық құжаттар, фото-бейнематериалдар, Елбасының хаттары сақталған.

Аймақ басшысы көрмені аралап шыққан соң журналистерге сұхбат беріп, облыстың

рухани өміріндегі тарихи оқиғаның маңызын атап өтті.

– Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының өміріне, сарабал дал саясатының арқасында аяғынан тік тұрған қазіргі мемлекетіміздің өткен жолдарына арналған көшпелі көрменің куәгері болдық. Елбасының Тәуелсіздікті жариялаған сәттен бастап, елге жасаған еңбегін бір сөзбен айтып жеткізу қиын. Кемелгер жазушы Әбіш Кекілбаевтің сөзімен айтсақ, «сасқанға сая, асқанға тосқан, ұлысқа ұран, ұрпаққа ұстаз,

хатшысы Джеймс Бейкермен ядролық қарудан бас тарту туралы келіссөз өтіп жатты. Үзіліс кезінде Елбасы «Сіздер бақыттысыздар. Өйткені әрбір мәселені жеме-жемге келгенде Президентке келіп шешу болды. Ал мен Алла тағаланың бар екенін білемін, сенемін. Бірақ сөйлесетін байланысым жоқ» деді. Сонда Елбасының халық алдындағы тарихи жауапкершілігінің жүгі қаншалықты ауыр екенін түсіндік. Ядролық қаруға қатысты түрлі ұсыныстар айтылып жатты. Бірақ соңғы әрі тарихи шешімді Елбасы қабылдап, кемелгерлігіне көзімізді жеткізе түсті.

Ұлы Абайдың мерейтойында ЮНЕСКО-ның бас директоры болған Федерико Майор «Осы жерде Шыңғысхан өзінің ұлы жорығын тоқтатты деп айтады. Оның күгерлерінің бәрі өлтірілген екен. Шыңғысхан бүкіл дүниені күшпен мойындатам деген мақсатына жете алмады. Ал Шыңғыстаудың бөктерінде дүниеге келген ұлы Абай күллі әлемге танылды. Біз соның куәсі болып отырмыз. Осыны ұйымдастырған Президентке рахмет» деген еді.

Сыр елінің Елбасына деген ризашылығы ерекше. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Тұңғыш Президенттің жұмыс үстелінде «Қызылорда облысын тарату» және «Арал өңірі тұрғындарын көшіру» туралы екі жарлықтың жобасы жатты. Ол кезде мемлекеттің қаржылық жағдайы тым нашар еді. Бірақ Дүниежүзілік Банктің ықпалымен, Аралдың ең болмағанда солтүстік бөлігін сақтап қалу туралы шешім қабылданды. Сөйтіп туған жерден үдере көшкен ағайындарды елге қайтарып, атакәсібіне оралу мақсатын орындады. САРАТС жобасы – осы тарихи шешімнің жемісі.

Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен Қызылордада Орта Азия мемлекеттері басшыларының тарихи саммиті өтіп, Халықаралық Аралды құтқару қоры ашылды. Арал мәселесін БҰҰ мінберінде көтерді. Сақ, оғыз-қыпшақ империясы, Қазақ хандығы, Қазақ республикасы астаналарының мекенін сақтап, қолдады. Арал өңірінде Кеңес Одағы тарихи жауапкершілігінің жүгі қаншалықты ауыр екенін түсіндік. Ядролық қаруға қатысты түрлі ұсыныстар айтылып жатты. Бірақ соңғы әрі тарихи шешімді Елбасы қабылдап, кемелгерлігіне көзімізді жеткізе түсті.

Ұлы Абайдың мерейтойында ЮНЕСКО-ның бас директоры болған Федерико Майор «Осы жерде Шыңғысхан өзінің ұлы жорығын тоқтатты деп айтады. Оның күгерлерінің бәрі өлтірілген екен. Шыңғысхан бүкіл дүниені күшпен мойындатам деген мақсатына жете алмады. Ал Шыңғыстаудың бөктерінде дүниеге келген ұлы Абай күллі әлемге танылды. Біз соның куәсі болып отырмыз. Осыны ұйымдастырған Президентке рахмет» деген еді.

Сыр елінің Елбасына деген ризашылығы ерекше. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Тұңғыш Президенттің жұмыс үстелінде «Қызылорда облысын тарату» және «Арал өңірі тұрғындарын көшіру» туралы екі жарлықтың жобасы жатты. Ол кезде мемлекеттің қаржылық жағдайы тым нашар еді. Бірақ Дүниежүзілік Банктің ықпалымен, Аралдың ең болмағанда солтүстік бөлігін сақтап қалу туралы шешім қабылданды. Сөйтіп туған жерден үдере көшкен ағайындарды елге қайтарып, атакәсібіне оралу мақсатын орындады. САРАТС жобасы – осы тарихи шешімнің жемісі.

Жақында ақпан айының 7-де Елбасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Қызылорда облысының көкейтесті проблемаларын қаралды. Соның ішінде Арал мәселесіне тоқталып, Үкіметке үш жылдық кешенді жоспар қабылдауға тапсырма берді. Жақын арада жоспар бекітіліп, үш жылда 264 млрд теңге бөлінбек. Осыдан Елбасының Сыр еліне, Арал өңіріне ерекше қамқорлығын байқаймыз. Әрине, Алты Алаштың қай-қайсысы болмасын Елбасына ризалықтарын білдіреді. Өйткенмен, Сыр халқының құрметі ерекше. Жақында Арал балықшылары Елбасына хат жазып, өңірге келіп, балықшылармен кездесуге, сұхбаттасуға шақырды. Мұның бәрі елі сүйген, елін сүйген Елбасының келбетін келтіріп тұр, – деді К.Көшербаев.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кітапханасы ұйымдастырған көрме 19 маусымға дейін жалғасады.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ, Бағдат ЕСЖАНОВ.



курсиялар ұйымдастырылған еді. Оған қоса ғылыми-практикалық конференция, семинарлар, концерт және басқа да іс-шаралар жоспарлануда.

Осы шарада ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы бірлесіп өткізілетін Жастар жылына арналған «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты шығармашылық



орын берілген. «Елбасы мәртебесі – ел мәртебесі» бөлімінде әлем елдерінен Елбасына берілген ең жоғары марапаттар қойылған. Экспонаттардың арасында сирек кездесетін мұрағаттық құжаттар, фото-бейнематериалдар, Елбасының хаттары сақталған.

Аймақ басшысы көрмені аралап шыққан соң журналистерге сұхбат беріп, облыстың

еддің иесі, жердің киесі болды». Тәуелсіздіктің көк байрағын көтеріп, қазақты бүкіл дүниежүзіне мойындатты. Ғасырлар тоғысындағы заманның шақыруларына лайықты жауап берді. Тарихи жауапкершіліктің жоғары деңгейінде болды.

Мен Елбасының қарамағында біраз жыл қызмет жасадым. Бір сәт есіме түсіп отыр. АҚШ-тың Мемлекеттік

ПРЕЗИДЕНТТІК ОРКЕСТР СЫР ЕЛІНДЕ

Кеше Н. Бекежанов атындағы облыстық драма театрында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» атты көшпелі көрмесі аясында ҚР Мемлекеттік күзет қызметі Президенттік оркестрінің концерті өтті. Салтанатты шараны облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен аймақ ардагерлері, ұстаздар, жастар және қала тұрғындары тамашалады.

6 Ержан ҚОЖАСОВ.

– Біздің ұжым үшін Қызылордаға келіп, өңір тұрғындарына, шығармашылық әріптестерімізге патриоттық әндерді сан қырынан көрсетудің үлкен мүмкіндігі туғанына қуаныштымын. Бағдарламамызда негізінен халық әндері, Елбасымыз жазған музыкалық туындылар және ұжым музыканттары жазған шығармалар орындалды. Сондай ерекше туындылардың бірі – Тұңғыш Президентке арналған «Елбасы» күйі ел ықыласына бөленді. Қызылорда қаласындағы көрменің ашылуы аясындағы іс-шараларға Пре-

зидент оркестрінің үрмелі оркестрдің дауылпазшылар тобы және «Айбын» Президенттік полкінің Құрмет қарауыл ротасы да қатысып отыр, – деді оркестр жетекшісі Ермек Рақымов.

Концертте оркестр халық және авторлық әндерден бөлек, әлемдік классикалық музыка және өзге де кең жанрлық шығармаларын орындады. Оркестрдің жетекшісі соғлылары – республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаттары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Д.Танатаров,



М.Салықов, К.Төленбаева, А.Балажанова, О.Сүлейменов, Г.Әділбекова, А.Шалқаров, Г.Мырзабекова, Б.Сауытбаева, Ж.Мұхтаров, Г.Жұмабай сынды өнерпаздар салтанатты кешке келушілердің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен бірге, аталған шараға қалалық өнер мектебіннің балалар хоры мен Сыр елінің өнерпаздары да қатысты.

Айта кету керек, ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің Президенттік оркестрі ҚР хаттамалық, дипломатиялық, мемлекеттік және басқа да мерекелік іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылы құрылған. Қазіргі уақытта оркестр құрамына бірқатар шығармашылық ұжым біріккен. Олардың қатарында халықтық ансамбль, үрмелі аспаптар оркестрі, камералық ансамбль, ән және эстрада мен би ансамблі сынды топтар бар.

«Н. НАЗАРБАЕВ: ДӘУІР, ТҰЛҒА, ҚОҒАМ»

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Бірегей жәдігерлерді топтастырған «Н. Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» атты Елбасы кітапханасының көшпелі көрме жобасы аясындағы шаралар Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада жалғасты.

Айдана ЖУМАДИНОВА.



ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры, саяси ғылымдардың докторы, профессор Әмірхан Рахымжанов кітапхана ұжымы және жастар ұйымдарының өкілдерімен кездесті. Сапар барысында Әмірхан

Мұратбекұлы «Шанырақ» зияткерлік орталығы, жазушы Қалтай Мұхамеджановтың жеке кітапханасымен танысып, жастармен кездесуінде көшпелі көрменің маңызы, оның мұражай экспонаттарынан басты ерекшелігін атап өтті.

– Экскурсия аудан, ауылдарға жол тартқанда балалар жәдігерлерді ашық сабақ уақытында тамашалай алады. Мұражайда барлық дүние әйнекпен қоршалған, ал мұндағы жәдігерлерді қолмен ұстап, жақынырақ танысуға мүмкіндік бар. Әсіресе, оқушылар Елбасының мектеп кезіндегі бестік баға тізілген табылдарын көріп, танырайтыны әрі ой түйетіні рас. Көрмеде өткен газырдан бастап Н. Назарбаевтың жеке кітапханасына жинақтаған кітаптары, өз қолымен жазған жазбаларын көруге болады, – деді ол.

Сондай-ақ, астананың Алматыдан Ақмолаға ауысқанына 20 жыл толуына орай өткен, Түркістанда ұйымдастырылған көшпелі көрме мен халықаралық конференциялардың тақырыбы, маңызы туралы айтып берді. Кездесуде облыстық кітапханаға Елбасы кітапханасының 100-ден астам кітабы сыйға тартылды. Олардың ішінде Н. Назарбаевтың еңбектері, өмірбаяны, ҚР Тұңғыш Президентінің 1990-1996 жылдар арасындағы қызметінің хроникалары, қазақстандық және шетелдік авторлардың Елбасы туралы кітаптары, қоғамдық-саяси тақырыптардағы әдебиеттер бар.

МЫҢНАН АСТАМ ЖӘДІГЕР ҰСЫНЫЛАДЫ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханасында Тұңғыш Президенттің тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы рөлін жан-жақты көрсету мақсатында «Елбасы кітапханасының ақпараттық ресурстары» аймақтық кәсіби сессиясы өтті.

Шынар БЕКБАН.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова шараның басты мақсаты мәдени мұраларды рухани жаңғырту міндеттері тұрғысында зерттеу, насихаттау бойынша тәжірибе алмасу және кітапхана, архив, музей қызметінде ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты өзекті мәселелерді талқылау екенін атап өтті.

– Сыр елі жұртшылығына ұсынылған Елбасы кітапханасының көрмесі арқылы еліміздің жеткен жетістіктері, дағдарысты еңсеріп, дамыған елдердің қатарына қалай қосылғанымыз жайлы ақпарат алуға болады. Көшпелі көрме аясында халықаралық ғылыми конференция, аймақтық кәсіби сессиялар және семинар тренингтер өтетін болады. Көрме

маусым айына дейін жалғасады. Оның жұмысымен 123 мыңдай оқырман танысады деп жоспарлап отырмыз, – деді ол.

Сессия қатысушыларының назарына Елбасы кітапханасы қызметкерлерінің зерттеу жұмыстары мен нәтижелері ұсынылды. Елбасы кітапханасы директорының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты Күләш Ақтаева алдымен көшпелі көрменің мәні мен маңызына тоқталды. Сондай-ақ, «Бір жәдігердің тарихы», «Музей коллекциялары» жобасын қамтитын «Музей жинақтары» ғылыми-көрме жобасын қамтитын аясында әзірленгенін айтты.

– Ең бір құнды осы жинақтарымыздың бір бөлігі ол – Елбасымыздың кітапханасы.

Кітапхана қорында бірегей құнды жәдігерлер сақталады. Жырымасыншы газырдың 60-жылдарынан бастап Елбасы өзі үйінде жинақтаған 1200-ден астам кітапты біздің кітапхана қорына берді. Қазіргі кезде біздің қорымызда 30 мыңға жуық кітап сақтаулы тұр. Бүгінгі көрмеде Елбасының шығармалары, осы шығармалардың аудармаларын көрсетуге тырысамыз, – деді.

Бұған қоса, Күләш Ақтаева Қабдулқалиқы көшпелі көрме көрмесіне еліміздің тарихындағы маңызды кездер мен Елбасы кітапханасының музей және архив қорынан алынған мыңнан астам жәдігерлер ұсынылатынын атап өтті.

Айта кету керек, Елбасы кітапханасының «Н. Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» атты көшпелі көрме жобасы 2017 жылы қараша айында Алматы қаласынан бастау алған еді. Бүгінгі күнге дейін көрме Түркістан, Атырау, Ақтөбе облыстарында, Алматы, Шымкент қалаларында өтті. Аталған өңірлерде көрмені тамашалауға 730 мыңнан астам адам қатысты.

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КӨРМЕСІ – ҚАРМАҚШЫДА

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының «Н. Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі ғылыми-білім беру және мәдени ағартушылық көрмесі Қармақшы ауданында жалғасты. Аталған шараға Елбасы кітапханасы директорының бірінші орынбасары Әмірхан Рахымжанов, аудан әкімі Сұлтан Мақашов қатысты.

Дәулет ҚЫРДАН.

– Елбасының көргенділігін, біліктілігін, ізденімпаздығын, озық идеяларының жемісі осы жинақта толық камтылған. Бұны қазақстандықтарға, бүгінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге ету мақсатында ауқымды жұмыс жалғаса береді, – деді Ә.Рахымжанов. Көрмеде Назарбаев моде-

лінің қалай қаланғаны, егеменді алған қысқа мерзімде тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріне қалай жеткені туралы мазмұнды дүниелер камтылған. Шара аясында аудан тұрғындарына «Бәсекеге қабілеттілік – XXI ғасыр ұлт жаңғыруы», «Қазақстанның тарихи жолы мен эволюциялық дамуы», «Ұлттық

бірегейлікті сақтау», «Ашық сана – болашаққа жол» дәрістері айтылып, топтық ойындар мен психологиялық жаттығулар, тәжірибелік сабақтар өтті. Ауданда алғаш рет өткізілген көрме «Елбасы кітапханасының ақпараттық ресурстары» аймақтық кәсіби сессиясына жалғасты.

Көшпелі көрмеде елордалық мамандар кітапхана, архив, музей салаларының дамуын назарға алып, бұл бағыт бойынша өз пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар, аудан әкіміне Қазақстан Президенті Көкесінің бастығы, Қазақстан Тұңғыш Президенті – Елбасы Кітапханасы директоры М.Қасымбековтың Елбасының өмір жолы туралы кітаптары мен Алғыс хаты табысталды.

МАҒЖІЛІС

ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАТАҢ СҰРАЛАДЫ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен экологиялық мәселелерге арналған селекторлық мәжіліс өтті. Оның күн тәртібінде алдымен тұрмыстық қалдықтарды басқару бойынша облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Айдар Абдуалиев хабарлама жасады.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Ол өткен жылдың желтоқсан айында облыстың экологиялық мәселелеріне арналған мәжілісте қаралған Қызылорда қаласы мен елді мекендерін кәріз жүйелерімен қамту, тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыратын полигондарды экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіру мәселелері бойынша облыс әкімінің тапсырмасына сай жұмысы топ құрылып, тиісті жұмыстар жүргізілгенін жеткізді.

Ағымдағы жыл басында тұрмыстық қатты қалдықтарды тасымалдауды, өңдеуді, пайдалануды және көлеге асыруды ұйымдастыру, қалдықтарды бөлек жинауға арналған жүйенің инфрақұрылымын дамыту бойынша Астана қаласындағы «Оператор РОП» ЖШС өкілдері арнайы шақырылды. Олар қала және аудан әкімдіктеріне, қалдықтармен жұмыс жасайтын мекемелердің өкілдеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, қаржылық ұйымдардың әлеуетті мүмкіндіктерін пайдалану мақсатында «Каз-АгроГарант» АҚ мен қала және аудан әкімдерінің

орынбасарларының қатысуымен арнайы мәжіліс ұйымдастырылды. «КазАгроГарантты» шарты бойынша 20 млн теңгеге дейін берілетін микрокредиттердің 85% кепілдікпен қамтамасыз етіледі, ал 15% қатысушының өз қаражаты есебінен жүргізіледі. Мұндай қолдаулар жеке кәсіпкерлерге кәсібін одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Алайда, аудандардағы кәсіпкерлер бұл мүмкіндікті пайдаланбай отыр.

Облыс бойынша барлық аудандар мен қала әкімдіктері өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға 145 жер учаскелерін белгілеп, 4 полигон экологиялық талаптарға сәйкестендірілді. Осы орайда, талапқа сай полигон құрылыстары үшін 2019 жылы облыстық бюджеттен Арал қаласына полигон салуға 2-ші кезекке 36 млн теңге қаржы бөлінді. Қалған 110 млн теңге қаражат 2019 жылғы нақтыланған бюджетке ұсынылды.

Облыс басшысы Белкөл манындағы тұрмыстық қалдықтарды ортеу салдарынан тұрғындар жағымсыз иістен құтыла алмай отырғанын айтты. Осы орайда қала әкімі

Нұрлыбек Нәлібаев облыстық бюджеттен 300 млн теңге қаржы бөлініп, қалдықтарды сұрыптау кешенін тұрғызу жұмыстары жүргізіліп жатқанын баяндады. Ол жоспарға сай қыркүйек айында қосылады. Сол уақытта Белкөлдегі полигон жабылатын болады.

Мұнан соң облыс басшысы жергілікті жерде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы аудан әкімдерінің есебін тыңдап, кемшіліктерге қатысты тиісті ескертулер жасады.

Қызылорда қаласы мен елді мекендерін кәріз жүйелерімен қамту жөнінде облыстық экология департаментінің басшысы Марат Құрманбаев хабарлама жасады. Ол аймақтағы үлкенді-кішілі экологиялық мәселелер өз кезегінде уақытлы шешілмесе өзге проблемаларды туындататынын алға тартты.

Қала әкімі Н.Нәлібаев облыс орталығындағы 54 КНС-тың ең жағдайы нашар 23-ін биыл қайта жаңғыртудан өткізуге 1,5 млрд теңге бөлініп отырғанын мәлімдеді. Қалғандарын алдағы уақытта қайта жаңғыртудан өткізу үшін жобалар жасалуда. КНС-тар жөнге келтірілгеннен, биологиялық газарту станциялары қайта жөнделмесе, оң нәтиже болмасы анық. Сондықтан, республикалық бюджет қаржысымен станцияларды да оңау шаралары жүргізілетін болады.

Облыс әкімі лас сулардың жағымсыз иісі туралы шағым айтқан тұрғындармен қайта кездесіп, қолға алынған

жұмыстар бойынша түсіндірме жүргізуді ескертті. Бұл бағытта әлеуметтік желіні де пайдалану керек.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усайн және аудан әкімдері аудандарда кәріз су желілерін ретке келтіруді жұмыстарды баяндады.

Алайда, облыс басшысы бұл іс-әрекеттерді сыға алды. – Өткен мәжілістен бері бір тоқсан уақыт өтті, бірақ кәріз жүйесімен айналысу толыққанды қолға алынған жоқ. Жол картасын белгіттік, оның да тапсырмалары әлі орындалмаған. Осы жұмыстармен айналысатын мамандар не бітіріп отыр? Неге сұраныс жоқ, неге талап қойылмайды?! – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі бұл ретте кәріз жүйелерін жобалағанда миллиардтаған қаржы жұмсалатын жобаларға ешкім қаржы бермейтінін баса айтты. Демек, жобаларды оңалтып отырғанын мәлімдеді. Қалғандарын алдағы уақытта қайта жаңғыртудан өткізу үшін жобалар жасалуда. КНС-тар жөнге келтірілгеннен, биологиялық газарту станциялары қайта жөнделмесе, оң нәтиже болмасы анық. Сондықтан, республикалық бюджет қаржысымен станцияларды да оңау шаралары жүргізілетін болады.

Облыс әкімі лас сулардың жағымсыз иісі туралы шағым айтқан тұрғындармен қайта кездесіп, қолға алынған

АЛЕМ JAŃALYQTARY

ҚАҚТЫҒЫСТАН ҚАЗА ТАПҚАНДАР БАР

Ливияда қарулы қақтығыс салдарынан 20 адам қаза тауып, ондаған тұрғын зардап шекті. Фельдмаршал Халифа Хафтар басқаратын Ливияның ұлттық армиясы өткен аптада Триполиге шабуыл жасағанын кейін елдегі ахуал шиеленісе түскен болатын.

Әскерилердің мәлімдемелеріне сәйкес, мұндай шара аталған аумақты террористерден босату үшін жасалған. Ал үкіметті қолдаушы күштер қарсы шабуыл ұйымдастыруға тырысып, әуеден соққы жасағанымен сәтсіздікке ұшырады. Қазіргі уақытта Хафтар армиясының бөлімшелері Ливия астанасының оңтүстігіндегі бірнеше қаланы қаратып алды. Осыған байланысты шетелдік компаниялар мен ұйымдар солтүстік африкалық елден өз қызметкерлерін көшіруді бастап кетті.

БҰҰ-да бұл елде тек қажетті қызметкерлерді қалдыруға дайындалып жатыр.

БОСҚЫНДАРДЫ ДҮРЛІКТІРГЕН ЖАЛҒАН АҚПАРАТ

Грекияда мыңдаған мигрант Солтүстік Македонияға қарай өтуге талпынып, полициямен қақтығысты. Әзірге жапа шеккендер туралы ақпар жоқ.

Ал шекара маңындағы тәртіпсіздіктерге әлеуметтік желідегі жалған ақпарат түрткі болған. Онда Солтүстік Македониямен арадағы шекара ашылып, мигранттардың өтуіне рұқсат етілетіні жайлы хабарланған. Осыдан кейін Грекияның босқындар лагеріндегі келісімдер көрші елмен шекара маңына жиналып.

Қазір Грекияның босқындар лагерінде ондаған мың мигрант өмір сүріп жатыр. Ал Балкан елдері келісімдер үшін шекараны 2016 жылы жауып тастаған болатын.

НАПОЛЕОННЫҢ ТАҒЫ САТЫЛДЫ

Франция императоры Наполеон I Бонапарттың тағы француз монархтарының Фонтенбло тарихи резиденциясында аукционда 500 мың еуроға сатылды. Бұл туралы сауданы өткізген Osenat аукцион үйі Twitter парақшасында мәлім етті деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Тақты сатып алған адамның аты-жөні жария етілген жоқ. Ағаштан жасалып, сыртын алтынмен аптаған тақ басында небәрі 80 мың еуроға бағаланыпты. Бұған Наполеон отырған тақтардың саны бесеу деген пікір әсер етсе керек. Олардың бірі – Париждің – Тюильри сарайында, екіншісі – Сен-Клу камальида, үшіншісі – Сенатта, төртіншісі – Ұлттық жиналыс ғимаратында, бесіншісі Париж мэриясында сақталуда.

Аукцион үйінің мәліметіне қарағанда, XIX ғасырдың аяғында америкалық филантроп Майкл Генри де Янг Наполеонның осы тағын Сан-Францискодағы бейнеулеу өнері музейіне сыйға тартқан.

ТЕХАСТАҒЫ ТОСЫН ОҚИҒА

АҚШ-тың Техас штатында қолемі беіс-бол добындай бұшақ жауды. Табиғаттың бұл құбылысын таспаға тартып, әлеуметтік желіге фото мен видео жүктеп жатқандар көп. Бұшақтың кейбіріннің диаметрі 20 сантиметрге жеткен. Өзірге зардап шеккендер туралы мәлімет жоқ. Синоптиктер болжамына сәйкес, алдағы күндері штатта жауын-шашын жиілеп, арты дауылға ұласуы мүмкін.

КҮРІШ ЕГЕТІН КҮН ЖАҚЫН

Аймақта көктемгі егіс жұмыстары қарқын алды. Бүгінде облысымызда 11823 гектар жана жойнысқа, 3753 гектар мақсары, 1896 гектар жаздық бидай және 319 гектар жаздық арпа егілді.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.

Жалпы, биылғы жылға 178,6 мың гектарға егіс егу межеленген. Оның ішінде дәнді дақылдар – 93,5, майлы дақылдар – 7,2, малазықтық дақылдар – 60,7, картоп, көкөніс бақша 17,2 мың гектарды құрайды. Ал, негізгі дақыл күріштің көлемі – 85,8 мың гектар. Дайындалған күріш тұқымының 1766 тоннасы – «Маржан», 4934 тоннасы – «Янтарь», 15047,2 тоннасы – «Лидер», 564 тоннасы – «Фаворит», 32 тоннасы – «Каз Ер-6», 100 тоннасы – «Новатор», 170,9 тоннасы – «АйКерім», 14,9 тоннасы – «Сыр сұлуы».

Қажетті техника сақадай сай десе де болады. Бүгінгі күнге 1684 трактор, 447 соқа, 217 дән сепкіш, 337 жүк көлігі, 824 трактор тіркемесі жөндеуден өтіп, көктемгі дала жұмыстарына қатысуға. Биылғы жылы ауылшаруашылық құрылымдарының «КазАгроКаржы» АҚ арқылы 3 млрд теңгеге 70 бірлік ауыл шаруашылығы техникаларын лизингке алуы жоспарлауда. Сонымен қатар облыста көктемгі егіс және дала жұмыстарын жүргізу үшін 14 мың тонна арзандатылған дизель отын бөлініп отыр. Болінген дизель отынның

шаруашылықтарға жеткізіп беруші болып «Нефть-Транс Қызылорда» және «РК-Мұнай» ЖШС белгіленіп, дизель отының әр литрі 174 теңгеден босатылуда. Сумен қамтамасыз ету мәселесіне келер болсақ, 2019 жылға бекітілген ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру сызбасына сәйкес тұрақты суаруға 4,2 млрд текше метр су қажет.

Көктемгі су алу жұмыстарына сәйкес, барлық аудандар мен Қызылорда қаласы бойынша су шаруашылығы нысандарын дайындау жоспары жасалып, бүгінгі күні су жүйелерін тазарту жұмыстары шаруашылықаралық каналдарда 104%, ішкі шаруашылық каналдарда 62%, гидротехникалық құрылыстарды жөндеу шаруашылықаралық каналдарда 22%, ішкі шаруашылық каналдарда 37%, на-

сос қондырғыларын жөндеу 90%, гидробекеттерді жөндеу 82% орындалған.

Сонғы мәлімет бойынша «Шардара» су қоймасына жоғарыдан секундына 808 текше метр су түседі. Қоймадағы су көлемі 5,2 млрд текше метрді құрап, төменге секундына 500 текше метр су тасталауда. «Көксарай» су реттегішіне жиналған су көлемін (2,2 млрд текше метр) қосқанда, бүгінгі күнге «Шардара» мен «Көксарайда» 7,4 млрд текше метр су жиналып тұр. Бұл өткен жылдың осы кезеңмен салыстырғанда 301,5 млн текше метрге артық.

Өрдайым күріш егуден рекордтық көрсеткішке жетіп жүрген сырбойлықтар биыл да үлкен үмітпен Жер-Анаға дән себуге дайын отыр. Жоспар бойынша күріш егу жұмыстары осы айдың 20-нан басталам.

ХАЛҚЫМЕН МӘНГІ ЖАСАЙТЫН ТҰЛҒА

Тарихи бір сәт, өзінің президенттік қызметіне кірісу салтанатында сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сынды өз дәуірінің ұлы перзентіне құрмет көрсету жайлы айтқан ұсыныстары көңілімізден шықты. Астана қаласы Нұр-Сұлтан қаласы болып аталуы, сол Нұр-Сұлтан қаласында Елбасының монументтік ескерткішінің тұрғызылатындығы да, «Халық қаһарманы» атағының берілуі де еліміз деп еміренген өз ерін асқақтата білетін көшелі ел екенімізді көрсетті.

Бәрі де тарих енді! Жасампаз тарих! Елбасы тарихи шешім қабылдап, өзінің президенттік өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты. Елбасы тағы да ел болашағын кеңінен ойлап, пішер өз кемелдерін танытты.

Сол жасампаз тарих төрін бүгінгі күні біз айтар бір ақиқат бар! Тәуелсіз Қазақ елінің тарихы сол елдің екі тізгін, бір шылбырын өз қолына ұстаған Нұрсұлтан Назарбаевтың тағдыры, бұған керісінше Елбасының тағдыры Қазақ елінің тағдыры мен тарихы болып қалыптасты. Бұл қос тағдыр тұтас бір халықтың тағдыры деген ойымыз бен пікірімізді кезінде айтқан болсақ та, сол өз қағидамызға тағы да бір жүгіне отырып, бүгінгі күні көңіл түкпірінде жатқан ой көзімен сөйлеуді мақсат еттік.

Тәуелсіздік және Елбасы! Бұл қос ұғымды біз бір-бірінен бүгінгі күні де, Мәңгілік елдің мәңгілік тарихынан да ешқашан бөле-жара қарай алмамыз анық. Өйткені Елбасы ел тәуелсіздігінің бүгінгі 27 жылында қазақ елін бір ғасырдың еншіне де сия қоймайтай тарихи жолдан алып өтсе, Қазақ елі дүниенің төрт бұрышына ең әуелі Назарбаев есімімен, Назарбаев келбетімен танылды. Назарбаев қазақ елі үшін әлемге, ғарышқа, болашаққа жол ашып берді! Ақиқаты осы.

Бүгінгі күні туған еліміздің мерейі



өсіп, абыройы тасқанын көруден артық қуаныш та, бақыт та жоқ болар бәлкім! Және де сол мерей мен сол абырой әлемдік деңгей мен әлемдік дәрежеде болып жатса, бұл дегеніміз күні кеше ғана отар болған Отанымын бағы жанғандығы деу керек. Отар болған да жалғыз біз емес едік. Әлем алдында абыройлы боламыз деп ұмтылғандар да жалғыз біз емес едік. Өрине бүгінгі заманның өлшеммен жиырма жеті жыл дегеніміз тарих үшін қас қағым сәт те болар. Алайда, сол тарихтың осы бір аса қысқа мерзімінде Қазақстанның әлемдік және халықаралық аренадағы орны, беделі мен абыройы дүние құрлығындағы ертенде қалыптасып, ертенде қуатты мемлекет болып орныққан елдерден кем түсіп отырған жоқ. Тағы да бір ақиқат осы.

Назарбаев нені де болса елімен бірге көрді, елімен бірге төзді, елімен бірге жөнді. Тұтас бір елдің, тұтас бір халықтың ғасырлар бойы армандап

келген тәуелсіздігін өзі жариялап, сол тәуелсіздіктің көк байрағын өз қолымен тұңғыш көтерген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сынды тарихи тұлғаның ерлігі мен ұйлығын тану және сол жайында айта да білу қажет енді. Бұл – бізге сын.

Қазақ елінің бүгінгі біз жазып жатқан және де бізден кейін жазыла берер тәуелсіздік тарихының әр бетінде Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі мен ісін әр дәуірде дүниеге келер ұрпақтарымыздың да үзбей қайталап, үнемі айтып отырына деген сенім де бар. Өйткені Нұрсұлтан Назарбаев «қырғи қабақ» соғыстың ауыр зардабынан тұншыға бастаған дүниеге жана дем берген және ядролық қарусыз дүние құрудың жана кезеңін бастаған әлемдегі тұңғыш саясаткер бола білді. Осы орайда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың адамзаттың жаңа дәуірінің, яғни ХХІ

ғасырдың саяси дүниесі мен келбетін түбірінен өзгеріп сала беруге өз үлесін барынша қоса білген сарабал саясаткерлігін әлем толығымен мойындаған-ды. Бұл – тарихтың мойындауы.

Адамзат дамуындағы даралар мен даналардың ролін лайықты бағалай білер парасаттылар үшін де және біз үшін де Нұрсұлтан Назарбаев өзінің туабітті киелі бір қасиетімен қазақ топырағында дүниеге келген, өз дәуірі өзіне лайықтап туғызған адамзаттың ерекше бөлек бір жаратылысының перзенті болып мәңгі жасары анық.

Бұл орайда ең әуелі Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік тарихтағы адамзат баласының ядролық қарусыз дамуының жана кезеңін бастап берген бірден-бір саяси дара тұлға және ядросыз әлем құрудың тұңғыш архитекторы екендігін айтар едік. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен 2003, 2006 және 2009,

2012, 2015, 2017 жылдары қазақ жерінде, Астана қаласында тұрақты өткізіле бастаған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының кездесулері адамзаттың жана мыңжылдығының конфессияаралық диалог пен кеңесіп, кездесулер жүйесін құруға жол ашқандығын, бүгінгі жаһандану өркениетін қазақ жерінде тоғыстырып, табыстыруы деп бағалаған да абзал. Өйткені Елбасы – қазақтың бір перзенті дүние тіршілігі үшін жаһандық жана қатарлар бой көтере бастаған сындарлы тұста түрлі діндердің ғасырлар бойғы ізгі де жасампаздық мол тәжірибесі мен Құдай сөзін бітімгершілік пен келісімнің пәрменді құралы ретінде пайдалануға жасаған әрекеті ендігі дүние дамуының ұстанымы мен заңдылығына айналып келеді.

Әлем көне тарихтың беттерінде мәңгі өшейтін тағы бір тарихи оқиғаны біледі. 2010 жылдың желтоқсан айының 1-2-сі күндері Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Астана саммитін өткізу арқылы Нұрсұлтан Назарбаев ұзақ жылдар бойы үні шықпай келе жатқан осы ұйымның беделін сақтап қала алды және осы ұйымның тоқтап қалудың аз-ақ алдында тұрған жүрегіне нәр беріп, Еуроатлантика және Еуразия кеңістігінде сенім мен бірлікті орнықтырудың тағы бір маңызды қадамына жол ашты. Осылайша дүбірлі де дау-дамайлы, қарулы қастығысы да дүние тіршілігінің жүйкесін жұқартып тұрған әлемнің дамуына Назарбаев сынды алам баласының жана ша әрі жауапты көзқарасы қажеттілігін адал ниетті, адал ойлы адамзат баласы терең түсінгіп те отыр. Өрине, ол үшін жұдырықтай жүрегіне тұтас әлемді, барлық адамзат мүддесін қазақ Президентідей сыйғыза білу де қажет еді.

Адамзат мүддесі демекші, Нұрсұлтан Назарбаевтың осы күнгі әлемдік дау-жанжалдарды, қарулы қастығыстарды бейбіт жолмен, келіссөздер арқылы реттеу жолындағы бітімгершілік саясатын тағы да еліміз жоғары бағалай білді. Бүгінгі әлемнің тынысын тарылтып, қызуын көтеріп тұрған Сириядағы жағдайды бейбіт жолмен реттеу бағытындағы түрлі көзқарастағылардың Астана қаласында сан мәрте кездесулері бұл

мәселедегі Таяу Шығыстың қатып қалған тонын жібітіп, бұрын қарудың тілімен ғана сөйлесіп келгендердің енді аламы парасаттылық тілімен, дипломатиялық тілімен сөйлесулерін бастап берді.

Елбасының тәуелсіздік жылдары атқарған еңбегінің аясы мен ауқымы қазақ тарихының өткен кезеңдері мен дәуірінің ешбір өлшеміне сыймастығын және де ғасырлық мұраттардың жүзеге аса бастағандығын тағы бір ойға ала отырып, Нұрсұлтан Назарбаевтың өз жүрегіне сыйған тұтас әлемді өз елі мен халқына деген шексіз сүйіспеншілігінің белгісіндей етіп қасиетті қазақ жеріне, өз даласына қондырып, Астана қаласын салып, орнықтыра білгендігін айту парыз. Астананы өз басым Елбасының қазақ баласы үшін соғып берген ұлы ескерткішінің қабылдарым бар. Енді бүгін келіп Елбасының өз перзентідей сол Астана қаласының Нұр-Сұлтан қаласы болып аталуы да әбден орынды. Қазақ халқы өз елінің астанасын Нұр-Сұлтан қаласы деп атау арқылы еліміз деп еміренген өз ерін асқақтата білетін көшелі ел екенімізді көрсеттік. Және де Нұр-Сұлтан қаласында Елбасының монументтік ескерткіші де бой көтеретіндігі қанағат сезімге бөліп отыр.

Біз – тәуелсіздіктің алғашқы сәттерінің күзегер ұрпақтарымыз. Қазақ елі тәуелсіздігінің жиырма жеті жылдан бергі бар тарихы мен тағдыры да, жүріп келе жатқан жолы мен асқан асуы да, тар жол тайпақ кешуі де, дәуірлену өсуі мен өркендеуі де біздің көз алдымызда болып жатыр. Біздің әрқайсымызға Жаратушы иеміз Тәуелсіздік тарихын жасаушы да және соны жазушы да сыйын берді! Сол тарихи тәуелсіздіктің тағдыршешті кезеңдерінде Нұрсұлтан Назарбаевтың өз халқымыздың бағы деп бағалап, айбыны деп айта білсек етті. Мәртебелі Нұрсұлтан Назарбаев Елбасы болып өз халқымен, Қазақ елімен мәңгі жасай беретін тұлға. Ол Елбасы болып қала берді!

Жабал ЕРҒАЛИЕВ,
жазушы-драматург,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Парламент Сенатының V-VI шақырылым депутаты,
«Egemen Qazaqstan».

«КЕДЕРГІСІЗ ОРТА» – ҚОҒАМҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған «кедергісіз орта» қалыптастыруға зор мән берілуге тиіс» деген міндет қойғаны баршаға мәлім.

Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заңының 25-бабында меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар әлеуметтік және көлік инфрақұрылым объектілерінде мүгедектердің еркін кіріп-шығынуына, бағдар ұстануына және жүріп-тұруына мемлекеттік стандарттарға сәйкес жағдай жасауға міндеттелген және оларға еркін қол жеткізуді қамтамасыз етпегені үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту көзделген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 12 қазандағы №772 Жарлығымен бекітілген «Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына «Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін елді мекендерде «кедергісіз орта» құру бойынша шаралар қабылдау, оның ішінде осы мәселені шешуге қоғамдық бақылауды күшейту» туралы 62-ші тармағының енгізілуіне орай облыс бойынша өңірлік жол картасы қабылданды.

Сонымен бірге, Қызылорда облысының әлеуметтік және көлік инфрақұрылым объектілерінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша 2019 жылға арналған жол картасы қосымша бекітілді.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заңның 37-бабына сәйкес, осы саладағы мемлекеттік бақылауды халықтың әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау су-

бъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.

Осы ретте, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы №537 бұйрығымен бекітілген Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясында профилактикалық бақылау жүргізуінің 2019 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған тізіміне сәйкес Еңбек, әлеуметтік қорғау және қоғам қорғау комитетінің облыс бойынша департаменті 2019 жылдың қаңтар-ақпан айларында облыс аумағындағы әлеуметтік объектілердің мүмкіндігі шектеулі адамдарға кедергісіз орта қалыптастыру жағдайына профилактикалық бақылау жүргізді.

Оның нәтижесінде облыс аумағындағы 10 объект бойынша 50 бұзушылық анықталды. Атап айтқанда, Тасбөгет кенті әкімінің аппараты мекемесі бойынша – 4 бұзушылық, «Қалалық мәдениет үйі, клубтары және халықтық ұжымдар» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Мәдина Ералиева атындағы мәдениет үйі бойынша – 6 бұзушылық, «Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесінің А.Пушкин атындағы Қызылорда қалалық кітапханасы бойынша – 6 бұзушылық, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының №5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны бойынша 5 бұзушылық анықталды. Сонымен қатар, Шиели индустриалды-аграрлық колледжінде – 4 бұзушылық, Сырдария ауданы әкімінің

аппараты мекемесінде – 5 бұзушылық, Теренөзек кенті әкімі аппаратының «Теренөзек кентінің мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бойынша – 6 бұзушылық, «Сырдария аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сырдария аудандық орталық кітапханасы бойынша – 6 бұзушылық, Шиели ауданы әкімінің аппараты мекемесі бойынша – 3 бұзушылық, Шиели ауданы Кердей аудандық округіндегі «Нартай Бекежановтың мемуриалдық өнер музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бойынша 5 бұзушылық белгілі болып, аталған ұйымдардың басшыларына анықталған бұзушылықтарды жою туралы мерзімдері көрсетілген ұйғарымдар беріліп, олардың орындалуы бақылауға алынды.

Аталған мемлекеттік ұйымдардың басшылары тексеру барысында анықталған бұзушылықтарды ұйғарымда көрсетілген мерзім ішінде жоюға міндетті.

Анықталған бұзушылықтар белгіленген мерзім ішінде жойылмаған жағдайда ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 462-бабының үшінші бөлігіне сәйкес лауазымды адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Осы баптың төртінші бөлігіне сәйкес анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қолданылатын шаралар туралы ақпаратты бермеуі немесе уақытылы бермеуі жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қоғамымыздағы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін «Кедергісіз орта» қалыптастыру – баршамызға ортақ әрі жауапты міндет екенін ұмытпағанымыз абзал.

Б.НАКИПОВ,
еңбек, әлеуметтік қорғау және қоғам қорғау комитеті облыс бойынша департаментінің бөлім басшысы.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ 7,8% –ке ӨСТІ

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні. Бұл күнді атап өтудегі мақсат – жұртшылық назарын денсаулық сапасындағы көкейкесті мәселелерге аудару. ДДСҰ быыл медициналық көмектің негізгі түрлерінің қолжетімділігіне тағы бір рет тоқталуды көздеп отыр.

Себебі, ұлт саулығын сақтауға қарапайым тексерулердің өзі жеткілікті.

Ресми статистикаға сүйенсек, 2018 жылы Қазақстанда негізгі аурулардан 19,3 мың адам көз жұмған. Оның 7,5 мыңына жуығы еңбекке қабілетті жандар.

Мамандар пікірінше, негізгі 5 ауру түрі өлім-жітімнің басты себепкері аталады.

Өткен жылы жүрек-қан тамыры ауруларынан 9,7 мың адам, ас қорыту жүйесі ауруларынан 2,8 мың адам, түрлі оқыс

оқиғалар, улану мен жаракат салдарынан 2,7 мың адам, онкологиялық сырқаттардан 2 мың адам, тыныс жолдары ауруларынан 1,9 мың адам көз жұмған.

Қайтыс болғандардың басым бөлігінің өліміне дәрігерге өте кеш қаралуы себеп болып отыр. Мамандардың айтуынша, дер кезінде анықталған жағдайда олардың өмірін сақтап қалуға болар еді. Сондықтан Медициналық сақтандыру қоры алдағы уақытта аурудың алдын алу мәселесіне басымдық беруді жоспарлап отыр.

Статистикаға сүйенсек, жыл сайын 2,9 миллионға жуық адам ауруханаға жатып емделеді. Оның 70 процентке жуығы немесе 1,9 миллионы дерт денде, ауруханаға шұғыл түрде жеткізілгендер. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанда әрбір

оныншы адам дәрігерлер алдына өміріне қауіп төнген кезде ғана келеді. Мұндай жағдайда науқастың тегін негізгі көмектен бөлек, бағасы қымбат процедуралардың ақысын қалтасынан төлеуге мәжбүр болатыны жасырын емес.

«Әлбетте, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде тегін көрсетілетін, шығыны аз диагностикалық процедуралардың көмегімен мұның алдын алуға болады», – дейді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының директоры Руслан Бектібаев.

Мәселен, 2019 жылы Қызылорда облысы бойынша денсаулық сақтау саласын қаржыландыруға республикалық бюджеттен 42,1 млрд теңге бөлінді. Оның 19,9 млрд теңгесі емханалық амбулаторлық көмекке

жұмсалып, профилактикалық іс-шараларға басымдық берілмек. Естеріңізге сала кетсек, аймағымызда биылғы жылы мемлекеттік тапсырысты орындайтын 74 медицина ұйымының 44-і жекеменилік. 2018 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 7-ге артып отыр.

Мемлекеттік тапсырысты орындауға құлшыныс білдірген жекеменилік клиникалар саны жағынан Шымкент, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Қызылорда және Жамбыл облыстары көш бастап тұр.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының халықты ақпараттандыру және өтіншістерді қарау жөніндегі бөлімі.

САУДА ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БӨЛШЕК САУДА БАҒАЛАРЫ 04.04.2019 ЖЫЛ

Сауда орындарының атауы	Ақ күрші, кг	Сауда орындарының атауы	Еркін ортағы бөлігі ұны, кг	Сауда орындарының атауы	Керуымдық арабасы, кг	Сауда орындарының атауы	Еркін ортағы ұнын бақылау қалыптастыру	Сауда орындарының атауы	Сырт ет, кг	Сауда орындарының атауы	Тұрақ жұмыртқасы, он данасы	Сауда орындарының атауы	Ақ қулақты аяқбалалық	Сауда орындарының атауы	Басты піші, кг	Сауда орындарының атауы	Сөбі, кг	Сауда орындарының атауы	Керуым, кг	Сауда орындарының атауы	Ақ қантқаршырақ	
1	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӨКК	180	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӨКК	82	Small	113	Анвар	43	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӨКК**	1300	Анвар	220	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӨКК	100	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӨКК	60	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӨКК	40	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӨКК	40	Small	203
2	«Small» CV	219	Ажар	110	Magnum	114	Ажар	48	Анвар	1500	Мирас	250	Мирас	155	Мирас	85	Мирас	110	Мирас	85	Magnum	204
3	«Мирас» CV	230	Мирас	112	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӨКК	120	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӨКК	50	Мирас	1600	Мирас	250	Анвар	155	Анвар	96	Анвар	110	Анвар	96	Анвар	240
4	«Анвар» CV	237	Small	154	Анвар	130	Мирас	50	Small	1700	Ажар	250	Magnum	210	Ажар	100	Ажар	120	Ажар	100	Мирас	240
5	«Magnum» CV	239	Мирас	130	Magnum	50	Magnum	1759	Small	250	Ажар	250	Magnum	135	Magnum	135	Magnum	135	Magnum	129	Әлеум. дүкен Байқоңыр ӨКК	240
6	«Ажар» CV	250	Ажар	140	Small	57				Magnum	280				Small	146	Small	165	Small	135	Ажар	250
7	Сабара базары	250																				

Ескерту: Әлеуметтік дүкен ӨКК** - сырт еті. Ескі базар жаңындағы және Универсам м/а орналасқан әлеуметтік дүкендерде сатылады.

Жарамсыз деп есептелсін

Мамбеталиева Рая Рысмағанбетовнаның атына Қызылорда қаласы, «Саулет» тұрғын ауданы, №12 кварталға (қазіргі Қызылорда қаласы, Саулет м/а, Бибигүл Матенова көшесі №23 үйі) берілген жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10-156-077-526, №0058120 18.09.2003 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Күрманбаева Раяш Шақенқызының атына Алматы мемлекеттік медицина институтының «Емдеу ісі» мамандығы бойынша 25.06.1992 жылы бітіргені жөнінде берілген ТВ №730857 дипломының түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnata@mail.ru

BAS QALANYŇ QURDASY

АСТАНА ЖӘНЕ ОРЫНДАЛҒАН АРМАН



«Мүмкін, Астана деп атармыз... Қанатты сөз сияқты. Болашаққа деген талпынысымыздың белгісі болар еді». Астана идеясының жүзеге асуы кезіндегі Елбасының сөзін сол уақыттағы елорда әкімі Әділбек Жақсыбеков осылай еске алыпты. Иә, бас қала болған Ақмола 1998 жылы Астана деп өзгертілсе, азат елдің айбарына айналған шаһар биыл Нұр-Сұлтан аталды. Вайқасақ, жиырмадағы астана мен оның құрдастарында бір ұқсастық бар екен. Ол – бақытты болашаққа талпыну.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Астанамен жасты Акерке Фабиет Сырда дүниеге келгенмен, қазір астаналық. Кішкентай кезінен-ақ ол Есілді көру, Сарыарқа даласындағы еңселі елорданың тұрғыны атануды мақсат еткен. Зейіні зерек оқушының арманына адал болуы оны дегеніне жеткізді. Мектепті «Алтын белгіге» бітірген Акерке қазір Астана медицина университетінің 4-курс студенті.

– Оқушы кезде астана күні аясындағы барлық мәдени шараларға қатысатыным есімде. Себебі, менімен күрдас елорданың тарихы мен қалыптасу жолын, жаңалықтарын қалт жібермей қадағалайтынмын. Бірнеше рет бұл қалада өтетін шараларға жолдама ұтып алғаныммен, барудың сәті түспеді. Бірақ, білімді болуға ұмтылыс өзің



деген талапты жоғары, талғамды биік етеді емес пе?! 2015 жылы бас қалада оқу мүмкіндігіне ие болдым, – деді ол. Қазалы ауданының Үр-

мәш Түктібаев ауылында дүниеге келген бойжеткенмен тілдескенімізде болашақта ұлт саулығы жолында еңбек етіп, отандық медицинаға жаңалық әкелетінін айтты. Ал бізді астананың қайсар әрі қабілетті құрдастарының ендігі арманын ел болашағымен ұштастырғаны қуантты.

Құттықтау

Қызығыңыз көп болсын



Қызылорда қаласының тұрғыны Айтқұл Бейбітова 60 жаста. Құрметті Айтқұл! Сізді адам өмірінің айтулы белесі 60 жастың төріндегі тол мерекенізбен құттықтаймыз! Өміріңіз қуатқа, көңіліңіз шуаққа толып, тіршілік белестеріңіз ұшар биігіне шыға беріңіз. Бала-шаға, бау-шарбағыңыздың жемісін теріп, жүз жасқа жеткен шағыңызда да Алла ізгі тілектер айтуға жазсын.

Айтқұлге жыр арнадық бақ тілеп, Көре берсін бақыт шашқан шақты деп. Жылуы мол сұлу өмір сүріңіз, Сізге деген біздің тілек, ақ тілек!

Жаратқаным ризығын жеткерсін, Шарықатсын тұлғанызды көк пен шың! Үш қызыңыз – үш гүлдің жайқалып, Өсе берсін, қызығыңыз көп болсын!



Ақ тілекпен, зейнеттегі қызметтес достары.

«ТҰРАН» ТОБЫ ТҮЛЕЙ БЕРЕДІ

Облыстық филармонияның концерт залында жұршылыққа белгілі, өнер көшінде өзіндік орны бар «Тұран» триосының «Сырдың елі – тұмарым» атты шығармашылық кеші өтті.



Концерт Жастар жылы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылды. Халқымыздың тарихи мұрасын сақтау, дәріптеу мақсатын көздеген шара тыңдарманына тағалымды кеш сыйлай білді.

Бұл топ аз уақытта өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан өнер ұжымына айналды. 2006 жылы аймағымызда өткен түркітілдес елдердің «Коркыт және Ұлы Дала сазы» музыкалық-фольклорлық фестивалінде алғаш рет «Тұран» деген атпен шығып өнер көрсетіп, сол кезден бері халыққа кең танылып келеді. Талантты жастардан құралған топты соңғы жылдары жаңа буынның алмастырғанын білеміз.

Шығармашылық кеште өнер иелері үлкен мүмкіндіктер көрсетіп, түрлі жанрада жарқырай түсті. Әсіресе, топ мүшелері халық әндері мен белгілі композиторлардың шығармаларын шеберлікпен орындап, көрермен көңілінен шықты. Топтың бұрынғы мүшелері Б.Молдабергенов, Қ.Зайтов секілді өнерпаздар әртістестерін құттықтады.

Олар өздері құрған өнер тобының он бес жылдан бері халықтың рухани серігіне айналғанына ризашылықтарын білдірді.

Аружан МАХМУД, Коркыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенті.



СЕРІКТЕСТІК ӨКІЛІ ҚЫЗМЕТКЕ КІРІСТІ



Әріптесіміз Нұрбай Жанәділов "Сыр медиа" ЖШС-ның Байқоңыр қаласы, Төретам және Ақай елді мекендеріндегі өкілі қызметіне кірісті. Бұған дейін "Кармақшы таңы" газеті бас редакторының орынбасары қызметін атқарып келген журналист енді

серіктестікке қарасты басылымдарға осы өңір тыныс-тіршілігі жайлы материал дайындап, газет пен оқырмандар байланысын үйлестіреді, баспасөзге жазылу науқанын ұйымдастырады. Әріптесімізге жаңа қызметінде сәттілік тілейміз.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ШЕТЕЛДІК БИШІЛЕР СЫНҒА ТҮСТІ



Әдемілік пен шеберлікті тоғыстырған «Feerie Dance – 2019» халықаралық балдық би турнирі мәресіне жетті. Еуразия кубогы үшін өткен байқауға еліміздің және 6 шет мемлекеттің 500-ге тарта дарынды жастары қатысты.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Көрермендер екі күн бойы «Евразия» спорт кешеніндегі спорт пен өнердің, мәдениеттің әдемі үйлесімі – балдық би турлерін тамашалады. Атап айтсақ, бишілер еуропалық және латын-америкалық би бағдарламалары, танго, румба, джайв, самба, ча-ча-ча және вальс түрлері бойынша сынаға түсті. Айта кету керек, байқауда қаладағы «Алекс» би-өнер мектебі бишілерінің хореографиялық мүмкіндіктері көрерменнің де, қазылар алқасының да көңілінен шықты.

Сыр елінде халықаралық балдық би турнирінің екінші рет ұйымдастырылуы өнерге, мәдениетке деген үлкен қолдау екені рас. Ал балаларды кішкентайынан нәзік өнерге баулу олардың тәртіпті де

тәрбиелі болып өсуіне ықпал ететіні белгілі. Бұл турнирде де көбелекше қанат қағып, бал қылығымен баураған кішкентай өнерпаздар аз болмады. Соның бірі байқау жеңімпазы, турнирдің ең кіші қатысушысы 8 жастағы – Алтынай Саттыбаева. Таза және вальс түрлері бойынша сынаға түсті. Айта кету керек, байқауда қаладағы «Алекс» би-өнер мектебі бишілерінің хореографиялық мүмкіндіктері көрерменнің де, қазылар алқасының да көңілінен шықты.

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРІ

Қолөнерге бала кезінен үйір болған Ұлболсын өсе келе өмірлік кәсіпке айналдырды.

Жастайынан ата-баба салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпын санасына үйіріп өскен жас қолөнерші мектепті тәмамдаған соң, Қызылорда қаласындағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың «Бейнелеу, сурет және сызу» бөлімінде ұлағатты ұстаздардан тәлім алып шығады.

Жоғары оқу орнын бітірген жас маман көп ойландырып қаладағы көркем шеберлер мектебіне мұғалім болып қабыл-



қанігі шебер атанған Ұлболсын мен оның шәкірттерінің еселі еңбегі.

– Бала кезде неге үйір болсаң, өсе келе ол міндетті түрде сенің алдыңнан шығатынын мен өзімнің осы кәсібімнен білдім. Анаман үйренген қолөнерлік бүгінде менің нан табарлық кәсібіме, өмірімнің сәні мен мәніне айналды. Өмірдің қызыққа толы екенін осы кәсіптен білдім. Олай дейтін себебім, мен өзімнің ісім арқылы көптеген дүниеге өмір сыйладым. Табиғат тамашаларын көріп, оларға «жан бітіруді» ерінбей еңбек еттім. Шәкірттерімді де осыған баулып келемін. Табиғатқа деген махаббаттарына жол аштым. Менің осындай кәсібімнің жандануына, беріле жұмыс істеуіне қолдау көрсеткен мектеп-лицей басшысы Жұмағұл апайым мен ұжымдастарыма айтар алғысым шексіз, – дейді ол.

– Ел арасында ұмытылып бара жатқан қолөнерімізді қайта жандандырып келе жатқан Ұлболсындай ұлағатты ұстаз біздің мақтанышымыз. Оның әрбір тіккен кестесі мен жасаған макеттерінің әсемдігіне, әлемілігіне көз тоймайды. Бүгінде Ұлболсынның туындылары мектеп сәніне айналды, – дейді қызметтестері туралы ыстық ықыласпен мектеп басшысы Жұмағұл Тілеуғабылова.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ, Байқоңыр қаласы.



данып, біршама жыл еңбек еткен соң, отбасы жағдайымен Кармақшыдағы №121 орта мектепке ұстаздық қызметке орналасады. Бірнеше жыл байқауларға қатысады. Осындай шаралардың бірінде оның шеберлігіне тәнті болған байқоңырлық Инна Ивановна Вертогорова деген қолөнер шебері Ұлболсынды Байқоңырға шақырыпты. Қалада үлкен мүмкіндіктер барын, тіпті қолдау да табатынын айтқан білгір маманның сөзіне сенген Ұлболсын Байқоңырға қоныс аударды.

Инна Вертогорова басшылық ететін қалалық оқушылар үйінде үйірме жетекшісі

болып еңбек еткен Ұлболсын осыдан бес жыл бұрын қалада білікті ұстаз, аудандық мәслихат депутаты Жұмағұл Тілеуғабылованың шақыруымен жаңадан ашылған №277 мектеп-лицейге ұстаздық қызметке қабылданады.

Иә, бұған дейін кесте тігу, матамен түрлі бұйымдар жасап келген Ұлболсын, заман талабына сай кәсібін де кеңейтті. Яғни бүгінде квиллинг, гладыо, бисер және басқа да қолөнер түрін меңгеріп, оларды шәкірттеріне үйретуде.

Бүгінде мектеп ішіне кіре қалсаңыз, Ұлболсынның қабырғаларға ілінген туындыларын көресіз. Әрине, мұның барлығы

ТУҢ ТҮҮНДҮ

«ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ»



Қазақ руханияты жаңа туындымен толықты. Тарихшы-этнограф Мырзабай Жүрсінбаевтың «Ұлы Дала тарихы» атты еңбегі өз оқырмандарына жол тартты.

Кітапта дала тарихын танудың формуласы, қыры мен сырғы сан түрлі аспан әлемінің ерекшеліктері, Алаш жұрты мен ұлыстар тарихы кенінен зерделенген. Әсіресе, диннің шығу тарихы, дала оркениеті мен мәдениетінің дамуы, тектілік, уақыт есептеудің әлемдік ортадағы нұсқалары зерттеліп жинақталған. Бүгінгі күні қоғамда орын алып жатқан әліппи мәселесі, ұлттық код, әйел тегінің әкелген кесір секілді маңызды мәселелерде орын алған.

Сондай-ақ, тарихшы бұрын-соңды айтыла бермейтін тығсыз дүниелердің сырын, құпиясын ашып өзіндік тұжырымдар жасаған. Кітаптан кез келген маман өзіне қажетті тың дүниелерді таба алады. Саяси ғылымдарының

докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір: "Кітапты оқып шыққанда бірден көзге түсетіні – автордың көп оқып, көп ізденгендігі. Бұрын мұндай көлемдегі дүниені қолға алмаған бауырымызды бағдалымына, тіпті, бағарлығына тәнті болдым. Алға жетелеген құдіретті күштің қайнар бұлағы Ұлы далаға деген сүйіспеншілік екеніне өсте күдіктенбеймін. Ықпалас, ынта дегеннің қасиеті мен қуатын азын-аулақ білетін адам үшін автордың еңбегін түсіну қиын емес" деп туынды авторна жоғары баға берген. Расымен, кітап үлкен ізденіс пен қажырлы еңбектің нәтижесі.

Еңбек авторы Шиели ауданы, Ортақшыл ауылының тумасы.

Жаңа туындының оқырманы көп болғай!

М.ОТАРАҒЫ.